

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

Бейсенбек Айгерім Қанатқызы

«*Oryza sativa* L. гаплоидтық биотехнологиясы»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B070100 – «Биотехнология» мамандығы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «*Oryza sativa* L. гаплоидтық биотехнологиясы»

5B070100 – «Биотехнология» мамандығы бойынша

Орындаған

Бейсенбек А.Қ.

Пікір беруші
PhD доктор



Ғылыми жетекші
б.ғ.д., профессор

Анапияев Б.Б.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

5B070100 – «Биотехнология»



БЕКІТЕМІН

Химиялық және Биохимиялық
Инженерия
кафедра меңгерушісі
PhD докторы
Амитова А. А.
мамыр 2022 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Бейсенбек Айгерім Қанатқызы

Тақырыбы: «*Oryza sativa* L. гаплоидтық биотехнологиясы»

Университет Ректорының 2021 жылғы "24" желтоқсан № 489-П/Ө бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы "31" мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Диплом алды өнеркәсіптік
практикадан алынған материалдар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Күріштің (*Oryza sativa* L.) *in vitro* оқшауланған микроспора культурасында эмбриондтардың түзілу жиілігіне генотиптің әсерін зерттеу;
- б) Күріштің (*Oryza sativa* L.) *in vitro* оқшауланған микроспора культурасында эмбриондтардың түзілу жиілігіне қоректік ортаның әсерін зерттеу;
- с) Күріштің (*Oryza sativa* L.) *in vitro* оқшауланған микроспора культурасында эмбриондтардың түзілу жиілігіне көмірсулардың әсерін зерттеу.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 25 атаудан тұрады

**Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Әдебиетке аналитикалық шолу	Ақпан	Орындалды
Материалдар мен әдістер	Наурыз	Орындалды
Зерттеу қорытындылары: лабораториялық жұмыстар	Сәуір	Орындалды

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	Анапияев Б. Б.	23.05.2022	
Ғылыми жетекші	Анапияев Б. Б.	26.05.2022	

Ғылыми жетекші  б.ғ.д. профессор Анапияев Б. Б.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Бейсенбек А. Қ.

АҢДАТПА

«*Oryza sativa* L. гаплоидтық биотехнологиясы» дипломдық жұмыс көлемі қағазды түрде 31 беттен тұрады. Дипломдық жұмыс кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, 8 сурет және 3 кестеден, 25 ғылыми оқу құралдарымен мақалалардан түзілген тізімнен тұрады.

Мақсаты: Күріштің (*Oryza sativa* L.) гаплоидтық биотехнологиясын зерттеу.

Дипломдық жұмыста күрішті (*Oryza sativa* L.) *in vitro* жағдайында гаплоидты биотехнологиялық әдіс негізінде өсіру зерттелген. Жасанды қоректік ортада қос гаплоидты күріш дақылын культивирлеу құндылығы жоғары өнім алуға мүмкіндік береді. Донор өсімдік ретінде ауруларға, қолайсыз орта жағдайына төзімді будан алынды. Зерттеулерде оқшауланған тозаңдар әдісін қолдана отырып, тозаңдарды асептикалық жағдайда оқшаулау жүргізілді. Андроклинді жиілікті арттыратын, нысан үшін жасанды қоректік орта және көмірсулардың оңтайлы құрамы таңдалды.

Түйінді сөздер: күріш *Oryza sativa* L., гаплоиды биотехнология, *in vitro*, дигаплоид, тозаң культурасы

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа «Гаплоидная биотехнология *Oryza sativa* L.» объем в бумажном виде составляет 31 страницу. Дипломная работа состоит из введения, 3 разделов, заключения, 8 рисунков и 3 таблиц, списка из 25 статей с научными пособиями.

Цель: Исследование гаплоидной биотехнологии риса (*Oryza sativa* L.).

В дипломной работе исследовано выращивание риса (*Oryza sativa* L.) на основе гаплоидного биотехнологического метода в условиях *in vitro*. Культивирование двух гаплоидных рисовых культур в искусственной питательной среде позволяет получить продукцию высокой ценности. В качестве донорной растении было выбрано устойчивый к заболеваниям, неблагоприятным условиям среды растения. В исследованиях проводилась изоляция пыльника в асептических условиях с применением метода изолированных микроспор. Для объекта, увеличивающего андроклинную частоту, выбрана искусственная питательная среда и оптимальный состав углеводов.

Ключевые слова: рис *Oryza sativa* L., гаплоидная биотехнология, *in vitro*, дигаплоид, культура пыльников

ANNOTATION

Thesis «Haploid biotechnology of *Oryza sativa* L.» volume in paper form is 31 pages. The thesis consists of an introduction, 3 sections, conclusion, 8 figures and 3 tables, a list of 25 articles with scientific aids.

Purpose: Study of haploid biotechnology of rice (*Oriza sativa* L.).

The thesis investigated rice cultivation (*Oriza sativa* L.) based on a haploid biotechnological method in vitro. Cultivation of two haploid rice crops in an artificial nutrient medium enables to obtain high value products. As a donor plant, a plant resistant to diseases and unfavorable environmental conditions was chosen. Studies performed anther isolation under aseptic conditions using the isolated microspore method. For the object increasing the androcline frequency, an artificial nutrient medium and an optimal composition of hydrocarbons are selected.

Keywords: rice *Oriza sativa* L., haploid biotechnology, in vitro, digaploid, anthers culture

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Әдебиетке шолу	10
1.1	Күріш « <i>Oryza sativa</i> L.» шығу тегі, таралуы мен маңызы	10
1.2	Селекцияда өсімдік өсіруде гаплоидтық биотехнологиялық әдістерді қолдану	11
1.3	Оқшауланған тозаң культурасы арқылы in vitro жақсартылған күріш (<i>Oryza sativa</i> L.) алудың гаплоидтық биотехнологиясы	13
1.4	Күріштің андрогенезіне әсер ететін факторлар	16
2	Тәжірибелік материалдар мен әдістер	18
2.1	Стерилизациялы жағдайларды қамтамасыз ету	18
2.2	« <i>Oryza sativa</i> L.» микроспоралы дақылында гаплоидтарды алудың сомалы жасушалық биотехнологиясы	20
2.3	Оқшауланған микроспор түйіршігін өсіруге қолайлы қоректі орталар	23
3	Зерттеу нәтижелері	25
3.1	Күріштің соматикалы жасушаларын бөліп алып, қоректік ортаға отырғызу	25
	Қорытынды	29
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	30

КІРІСПЕ

Өзектілігі. Өсімдік селекциясындағы гаплоидты биотехнологиялық әдістер - перспективті. Гаплоидты технологияның селекциялық маңызы - сыртқы ортаның қолайсыз факторларына төзімді линиялар алу. Қазіргі заманғы нарықтың барлық талаптарына жауап беретін сорттарды жасаудың технологиялық процесі. Гаплоидты биотехнологиялық әдістер: эмбриогенез, қос гаплоидтар, аналық гаметофит, тозаң жасаушасы мен оқшауланған микроспора. Осы әдістер негізінде *in vitro* культурасында астық дақылдарын өсіруге болады.

Күріш (*Oryza sativa* L.) дақылының тозаңдарын *in vitro* оқшауланған микроспора культурасында (андрогенез) өсіру тиімді. Оқшауланған тозаң дақылдары көмегімен алынған өнім өсімдік селекцияның ерекшелігін арттырады. Генотиптерді іріктеу сәйкес келетін гомозиготалы желілерде жүреді.

Оны пайдалану қажетті құрылымды тезірек тауып, қос гаплоид өнім алу уақытын қысқартуға жол ашады. Күріштің тозаң деңгейіндегі *in vitro* культурасында эмбрионалды, андрогенді даму сатыларына әсер ететін тығыз байланысқан факторлар (гендік, физиологиялық, гормоналды және минералды) анықталды. Қоректік орта жағдайлары, өсу реттегіштерінің құрамы мен мөлшері микроспораның морфогенетикалық дамуына ықпал етеді.

Жұмыс мақсаты: Күріштің (*Oryza sativa* L.) оқшауланған микроспора культурасында эмбрионидтардың түзілу жиілігіне әсер ететін факторларды зерттеу.

Жұмыс міндеттері:

1 Күріштің (*Oryza sativa* L.) *in vitro* оқшауланған микроспора культурасында эмбрионидтардың түзілу жиілігіне генотиптің әсерін зерттеу;

2 Күріштің (*Oryza sativa* L.) *in vitro* оқшауланған микроспора культурасында эмбрионидтардың түзілу жиілігіне қоректік ортаның әсерін зерттеу;

3 Күріштің (*Oryza sativa* L.) *in vitro* оқшауланған микроспора культурасында эмбрионидтардың түзілу жиілігіне көмірсулардың әсерін зерттеу.

1 Әдебиетке шолу

1.1 Күріш « *Oryza sativa* L.» шығу тегі, таралуы мен маңызы

Күріш (*Oryza Sativa* L.) - Шығыс Азияның маңызды азық-түлік культурасы. Соңғы үш онжылдықта күріш өндіріс қарқыны үш есе өсті. Әлемдік халықтың өмірлік сұранысын қанағаттандыру үшін өнімділік пен сорттардың санын одан әрі арттыру қажеттілігі артуда [4]. Күріш (*Oryza sativa* L.) көмірсулардың көзі болып табылады. Астық дақылы құрамында крахмал мөлшері – 70%, белок -8%, май - 0,5%. Дәстүрлі түрде күріш азиялық культураболып саналады, бірақ Африка мен Америкада, Австралияда да өсіріледі. Әлемде халықтың шамамен 40% күрішті негізгі тағам ретінде пайдаланады. Еуропа мен Америка елді мекендеріне тағам рационына енгізу күрішті кеңінен қолдануға әкелді. Күріш өндіру орталығы бүкіл 42 әлем бойынша Қытай мен Үндістан алдыңғы қатарда. Күріш агроклиматтық жағдайлардың кең спектрінде өсіріледі. Дхамму таулы аудандардан бастап Дельтаның төменгі аудандарына дейін (Сундарбан), 53° солтүстік ендіктен 35° оңтүстік ендікке дейінгі аумақты қамтиды [1,21].

Қазақстан Республикасында күріш егісінің негізгі алаптарына Қызылорда облысы жатады. Дақылдық ерекшелігі, 1990 жылы Республикада күріш егісінің көлемі 124 мың гектар. Әр гектардан өнім 52,5 центнер болды, ал жалпы түсім 653 мың тонна болуынан байқалды. Күріш бабасы, Ы. Жақаев өз заманында 174 центнер гектарынан түсім алды. Еліміз күріш егісінің солтүстік аудандарына жатады. Табиғи ерекшеліктеріне сәйкес үш аймаққа бөле аламыз:

1. Солтүстік аудандар (Қаратал, Тасмұрын, Шарын, Қазалы)
2. Орталық алқаптар (Қызылорда, Шиелі)
3. Оңтүстік аудандары (Тоғызқұстық, Қызылқұм)

Біріккен Ұлттар Ұйымының азық - түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы сарапшылар бағалауы бойынша 2012 жыл әлемдік күріш өндірісі 1,7% - ға өсіп, 781 млн.тоннаны құрады. Және де, соңғы жылдары әлемдік саудада күріштің белгілі бір тапшылығы байқалып сұраныс артуда, бұл бағаның өсуіне әкеледі [13].

Археологиялық және тарихи дәлелдерге сәйкес, өсірілетін күріштің пайда болуы орталығы *O.sativa* үшін Оңтүстік-Шығыс Азия, *O. glaberrima* шығу орталығы - Африка. Күріштің жалпы шығу тегі *O.perennis*, ал *O.sativa* көпжылдық *O. rufipogon* және бір жылдық *O. nivra*, ал *O. glaberrima* көпжылдық *O. barthii* [1]. Ұзақ уақыт бойы әртүрлі климаттық жағдайларға бейімделуіне байланысты *O. sativa* өсірілетін түрлері үш географиялық кіші түрге айналды, олар: *O. sativa indica*, *O. sativa japonica* және *O.sativa javanica*. Осы үш кіші түрдің арасында стерильділік кедергінің бары анық:

- *Japonica* кіші түрлері қысқа, жинақы өсімдікпен сипатталады. Сопақ немесе дөңгелек дәндер, паникулалар. Жапонияда бұл сорттар жақсы кездеседі.

- *Javanica* кіші түрлері өте жоғары, тік ұзын паникулалар мен тікенекті масақшалары бар өсімдіктер және негізінен Индонезияда өсіріледі екен.

- *Indica* кіші түрлері құрамында үлкен, кең таралған өсімдік түрлері бар. Морфологиялық белгілерінің алуан түрлілігімен бүкіл тропикалық және субтропикалық Азияда культивирленеді [1].

1.2 Селекцияда өсімдік өсіруде гаплоидтық биотехнологиялық әдістерді қолдану

Гаплоидия терминологиясы биотехнологиямен генетикада кеңінен қолданылады. Гаплоидтар (грек тілі. «haplos» - қарапайым, жалғыз) - соматикалық жасушаларында хромосомалардың жартылай (гаплоидты) саны ($2n$ орнына n) бар спорофиттер. Екі еселенген гаплоидтар - гаплоидты организмде хромосомалар санының екі еселенуі нәтижесінде пайда болған генотиптер [14]. Гаплоидтардың негізгі селекциялық артықшылығы - бейімділіктің морфофизиологиялық параметрлерін тез тіркеуге және мерзімін қысқартуға мүмкіндік беретін гомозиготаларды бір кезеңді алу. Ауылшаруашылық биотехнологтарының зерттеулері бойынша, гаплоидты технологияны қысқа уақыт аралығында гетерозиготалы гибридті тұрақты гомозиготалы будандарға тез аударуға мүмкіндік беретін ерекше биотехнологиялық әдіс ретінде қарастырады [10,11]. Алайда, оларды кеңінен қолдану тозақ мәдениетін, ұрықтандырылмаған аналық бездерді және эмбриокультураларды қолдана отырып, *in vitro* гаплоидтарын алу әдістерін жасағаннан кейін мүмкін болды [9]. Гаплоидтар ұрықсыз болады, себебі гомологиялық хромосомалар болмағандықтан мейоз процесі бұзылып, аномальдық хромосомалар жиынтығы бар гаметалар түзіледі. Хромосомалар екі еселену арқылы гаплоидты өсімдік гомозиготалы дигаплоидты ұрықты өсімдікке айналады [15].

Гаплоидты өсімдіктерді алудың әртүрлі әдістері бар, алайда оларды өсімдік тіндерін *in vitro* культивирлеу әдістерін дамыта отыра алу, мүмкіндікті арттырады. Осындай гаплоидтардың пайда болуының бірнеше жолы бар:

1) Бастапқы типтегі өсімдіктердің тозаңымен тозаңдану (индукторлар гаплоидтар), генетикалық негізде аналық және аталық индукторлар [16].

2) Байланысты емес түрлердің тозаңымен тозаңдандыру. Бидайды жүгерімен будандастыру генотиптерде гаплоидтарды алу үшін *Triticum spp.*, *in vitro* антерлер мәдениеті қолданылады [2].

3) Қос гаплоидтар өсімдіктерін алу - қашықтықтан будандастыру. Бастапқы кезеңдерде өсімдіктердің гаплоидты формалары дәстүрлі селекциялық әдістермен қашықтан будандастыру жасалды. Сонымен, *Triticum aestivum* L. және *Secale cereale* L. кесіп өтіп дигаплоид алынады. Жабайы байланысты түрлердің тозаңымен тозаңдану *Hordeum vulgare* × *H. bulbosum* арпа өсіруде гаплоидтарды алу үшін *bulbosum* әдісі қолданылады [16,19].

4) Аналық гаплоидтардың (гиногенез) *in vitro* индукциясы негізінен андрогенез бен тозаңдану индукциясы өсімдіктерде пайдалану тиімсіз. Қоректендіру ортасында өсіру кезінде ұрық қапшығының гаплоидты жасушалары эмбриондар (тікелей эмбриогенез) немесе морфогендік каллус (жанаме эмбриогенез) құрайды, одан өсімдік қалыптасады. Аналық гаметофит культурасында каллусогенез, эмбриогенез және тік регенерация процесі жүреді [3, 9].

5) Андрогенез (жасанды қоректік ортада оқшауланған антериялар мен микроспорлардан) және гиногенез (қоректік ортада оқшауланған жұмыртқалардан) арқылы гаплоидтарды алу процесі [16]. Өсімдік гаплоидиясын зерттеуді екі негізгі топқа бөлуге болады:

- Бірінші топқа андрогенездің нақты процесін және оның тиімділігіне әсер ететін факторларды, мысалы, донорлық өсімдіктерді өсіру жағдайларын, микроспоралардың даму сатысын, *in vitro* өсіру жағдайларын, өсірілетін өсімдіктің генотипін зерттеу [10,12]. Гаплоидтардың бір бөлігінде *in vitro* қоректік ортасында хромосомалар жиынтығының өздігінен екі еселенуі байқалады: дақыл түріне және өсіру жағдайларына байланысты 30%-дан 87%-ге дейін.

- Екінші топқа - қалған гаплоидты өсімдіктерді диплоидтарға ауыстыру тәсілдерін таңдау және олардың селекциядағы рөлін бағалау [10].

Жалпы андрогенез - *in vitro* жағдайында жетілмеген гаметофиттен спорофитті өсімдіктердің қалыптасу процесі, бұл гаплоидтардың пайда болуына әкеледі. Бір ұрпақ ішінде өздігінен екі еселенудің нәтижесінде қос гаплоидтардың толық гомозиготалы сызықтары пайда болуымен аяқталуы [7,8]. Андрогенез кезінде аталық гаметофиті *in vitro* индукциялаушы факторлардың әсерінен гаметофиттен ауысады. Эмбрионд түзе отырып спорофиттік даму жолдары немесе андрогендік каллус, гаплоидтардың немесе екі еселенген гаплоидтардың регенерациясы мүмкін [16]. Мұндай өсімдіктер көбінесе қашықтан будандастыру кезінде екі жолмен қалыптасады: а) тозаңданғаннан кейін, қандай да бір себептермен сперма мен жұмыртқа біріктірілмейді; б) тозаңданғаннан кейін жұмыртқа мен спермияның қосылуы жүреді, бірақ аналық хромосомалар жойылады. Нәтижесінде аналық ядролық геномы бар өсімдік пайда болады және аналық цитоплазмалық геномы аналық болады. Биотехнологтардың келтірген факторлары бойынша, аталық гаметофит мәдениетінде *in vitro* гаплоидты өсімдіктердің түзілу сатысын андрогенез деп түсіндіреді. Бұл жағдайда қалпына келтірілетін өсімдіктердің ядросы мен цитоплазмасында тек аталық ген болады. Дамудың бұл түрі үшін аналық цитоплазмалық геномы мен аталық ядролық геномы біріктірілген кезде "овулярлық андрогенез"термині ұсынылады. Керісінше, даму түрі үшін цитоплазма мен ядро да аталық шыққан кезде "микроспор андрогенез" термині қолданылады.

С.С Хохловтың зерттеулері басқа ұғымды ұсынады. Өсімдіктің аналық гаплоидтары - қысқартылған жұмыртқадан немесе ұрық қапшығының жасушаларынан дамыған цитоплазмасы мен аналық ядросы бар өсімдіктер.

Ұрықтандырылмаған аналық бездердің мәдениетінде алынған гаплоидты өсімдіктер екенін тұжырымдалды. Жұмыртқа жасушасынан немесе ұрық қапшығының басқа жасушаларынан дамыған өсімдіктер андрогенді гаплоидия. Оларда бастапқы хромосомалары спермиймен енгізілген хромосомалармен аламастырылады. Түрлердің әрқайсысының ішіндегі гаплоидтар геномдардың саны мен сапасы бойынша ерекшеленеді. Соған сәйкес олар екі негізгі топқа, ал топтар ішінде екі кіші топқа бөлінеді:

1 диплоидты және моногаплоидтары, бір геномы бар диплоидты негіз.

2 полиплоидтар, бір немесе бірден көп бірдей (автополигаплоидтар) және әртүрлі (аллополигаплоиды) геномдар [9].

Дәнді дақылдарда гаплоидтарды жасанды түрде алу үшін басты әдістер қолданылады: тозаңдардың культурасы және оның бір түрі - оқшауланған микроспоралардың мәдениеті және кейіннен тозаңдандырғыш хромосомалардың селективті элиминациясымен алыс будандастыру [14].

Тозаңқап культурасы кезінде каллус өсуі жиі кездеседі. Әрі қарай морфогенез нәтижесінде каллус жасушаларынан өсімдіктер регенерацияланады. Тікелей эмбриогенез жағдайлары сирек кездеседі, ол кезде пісіп жетілмеген тозаңды дәндерден эмбриондық құрылымдар қалыптасады, олар гаплоидты өсімдіктерге бастау береді.

Оқшауланған микроспор культурасы қос гаплоид алудың тиімді жолы. Потенциалды эмбриогенді жалғыз гаплоидты жасушаларды көп мөлшерде бөліп алуға болады. Бұл технология экономикалық тұрақты, өте орындалуы қарапайым. Белгілі бір түр мен нақты генотип бойынша қос гаплоид өсімдіктерін алуға негізделген [9].

Тозаңдандырғыш хромосомалардың селективті элиминациясымен алыс будандастыру әдісінің негізгі артықшылықтарының бірі дәндердегі тозаңдар мәдениетімен салыстырғанда альбинос өсімдіктерінің болмауы және дигаплоид желілердің генетикалық тұрақтылығы [25].

1.3 Оқшауланған тозаң культурасы арқылы *in vitro* жақсартылған күріш (*Oryza sativa* L.) алудың гаплоидтық биотехнологиясы

Күріш (*Oryza sativa* L.) гаплоидтарын алғаш рет Niizeki және Oono тозаң культурасы жолымен 1986 жылы алды. Күріш - бұл ерекше материал, онда шамамен кездейсоқ екі еселенген гаплоидтар оқшауланған микроспор культура негізінде 30-40% регенерант дигаплоид алынады. Күріш тозаң культурасы - бұл екі сатылы процесс каллустың бастапқы дамуы және кейінгі регенерация эмбриогенді каллустардан жасыл өсімдіктер алу. Күріш паникулалары жүктеу микроспоралар орташа және кеш ядросыз кезеңдерде болған кезде жиналады [22]. Селекционерлер үшін гаплоидты өсімдіктер ерекше қызығушылық тудырады, өйткені гаплоидты өсімдіктерден хромосомаларды екі есе көбейту арқылы толық гомозиготалы диплоидты өсімдіктер алынады. Гаплоидтарды тиімді пайдалану үшін олар мынадай талаптарды қанағаттандыруы тиіс: (1) кез

келген генотиптер үшін дигаплоид - желілерді алу тиімділігін; (2) қос гаплоид - желілер буданның генетикалық өзгергіштігінің спектрін көрсетуі тиіс және (3) дигаплоид-желілер генетикалық тұрғыдан тұрақты болуы қажет [14]. Селекциялық процесті жеделдету мақсатында жаңа материал жасау үшін *in vitro* тозаң культурасы сәтті қолданылады. Күріштің бірқатар сорттары осы әдіспен өсіріледі. Күріш селекциясындағы биотехнологиялық әдістері негізінде *in vitro* тозаңдар мәдениетін қолданып, күріш сорттарын жасау үшін зерттеулер жүргізілуде. Атап айтқанда, түрлі бағалаулар бойынша, *in vitro* антерлер мәдениетінен алынған күріш регенеранттарының 29-72% - ы өнімді дигаплоидтар болып табылады [17].

Оқшауланған микроспора культурасы мен тозаң түйіршігі (андрогенез) қолдана отырып, қысқа уақыт аралығында күріштің жоғары өнімді сорттарын өсіріп, көбею циклін тездете аламыз. Бұл әдіс *in vitro* мәдениетінде микроспорадан каллус қалыптастыру арқылы жүреді. Альбино өсімдіктерін антер мәдениетінен қалпына келтіру - бұл екі еселенген гаплоидтардың көп мөлшерінің пайда болуына ықпал ететін маңызды мәселе. Тозаң мәдениетінен алынған сорттардың көпшілігі *japonica* түріне жатады. Тозаңқап ультурасында андрогенез арқылы гаплоид алудың сәттілігі генотип пен донорлы өсімдіктерді өсіру жағдайы, микроспоралардың даму жолы және тозаңқапты қоректік ортада өсіру шарттары қатаң сақталады. Тозаңқап және микроспор түйіршігі культурасы әдісін қолдана отырып, Кореяда, Жапонияда, АҚШ-та, Ресейде, Италияда және басқа да көптеген елді мекендерде күріштің бірнеше сорттары жасалды [13,3]. Тозаң культурасы асқын суға төзімді, тұзға және суыққа төзімді күріш дәндерін алу үшін қолданылды. Осылайша, *in vitro* - да оқшауланған тозаң культурасы әдісін қолдану гомозиготалы, генетикалық тұрақтылығы жоғары сызықтарды алу уақытын едәуір қысқартады. Өнімділігі жоғары сорттардан, мүшелердің мөлшері мен сапасымен ерекшеленетін будандар құруға, жоғарғы қоректік құндылығы бар астық өнімдері алуға мүмкіндік артады. Осындай процестер өсімдік селекциясында күріштің оқшауланған микроспор культурасын дамытып, гаплоидты өнім алудың биотехнологиялық әдістері жаңаруда [4,18,20,3].

Аналық және аталық гаметофиттердің түрлі комбинациясына қарай гаплоидты генетикалы жыйынтығы ерекшеленеді. Мәселен, берілген бір организм хромосомасының гаплоидтық құрылымы бойынша ұрық клеткаларын дамытады. Гаметалардың тұқым қуалаушылық белгілеріне әсер етеді. Профазадағы бірінші реттік мейозды бөліну кезінде гомологиялы хромосома синапсисімен конъюгациядан басқа, ұрпақта тұқым қуалау вариациясы мүмкіндігін арттырады. Рекомбинацияға әкелетін ерекше кроссинговер сатысы орын алады. Бұл бір өсімдік гүлінен жақсы гендер тіркесі бар 30-40 мыңға жуық жақсы гендер тіркесі бар тозаң түйіршіктерін алуға жол ашады. Зерттеу нәтижелері бойынша, аталық гаметофит - жақсартылған генетикалық жүйе арқылы ерекше рекомбинантты іріктеп алу процесі. Селекцияда бұл әдіс түрлі жағдайда спорофиттік қасиеті бойынша тозаңдық негізінде жүргізуге мүмкіндіктер шексіз.

Ядроның микроспора ішінде митозды бөлінуі арқылы көп ядролы микроспора пайда болады. Одан әрі каллус, эмбрионид түзілісі арқылы толық өсімдік қалыпқа келеді. Өсімдік гаплоидтарын алуға жүргізілген сан түрлі зерттеулер, *in vitro* оқшауланған микроспора дамуы *in vivo* микроспорасының дамуынан әлде қайда ерекше екені анықталды. *In vitro* культурасындағы микроспоралар: дамудың гаметофиттік жолынан спорофиттік жолға ауысу арқылы эмбрионид түзілісі айқын; дедифференциалданады және каллус түзілісімен аяқталады; гаметогенез есебінен дамуын жалғастырады; микроспораның қалған шамамен жарты бөлігі нашарлап, қурап өледі [9].

Бір ядролы микроспор күріш (*Oryza sativa* L.) қос гаплоидты технологиясы төрт негізгі жүйеге бөлінеді:


Біріншіден, микроспораларды олардың табиғи гаметофиттік жолынан физикалық, физиологиялық стресстің (жоғары немесе төмен температура) спорофиттік даму жолына химиялық компоненттер әсерімен біріктіру.

Екіншіден, эмбриогендік және эмбриогендік емес микроспоралардың бөлінуі.

Үшіншіден, оңтайлы өсіру шарттары тиісті қоректік орта, жұмыртқалармен ұрықтандыру және жайлы физикалық ортаны жағдайын қолдану арқылы алынады.

Төртіншіден, қос гаплоидты өсімдіктерді қалыптастыру негізінде эмбрионидтарды қатты, гормоналды емес ортада өсіру қажет.

Эмбриогенез сәтті басталғаннан кейін келесі кезеңдер барлық үш әдіс үшін бірдей және техникалық немесе технологиялық қиындықтар тудырмайды. Бұл зерттеулер мәдениетті арттыру, жасыл өсімдіктер өндірісінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу және алдыңғы қатарлы өсімдіктерді шоғырландыру мақсатында жүргізіледі [6,9].



1 Сурет - Күріш (*Oryza sativa* L.) эмбриогенді құрылым дигаплоид түзілу жиілігі

1.4 Күріштің андрогенезіне әсер ететін факторлар

Оқшауланған тозаң культурасында (*Oryza sativa* L.) өсімдігін өсіруде құнды құрал ретінде анықталғанымен, оның нақты қолданылуын түрлі факторлар шектейді. Оның ішінде жоғары генотиптік тәуелділік, каллус индукциясының төменгі жиілігі және өсімдік регенерациясы, сонымен қатар гаплоидты өсімдіктердің жоғары жиілігі [23]. Indika күріш сорттары тозаңқаптың ерте некрозына, каллустың нашар көбеюіне және ақ өскіндердің қалпына келуіне байланысты басқа мәдениетке шектеулі реакцияға ие болады. Күріштің тозаң дақылдарында айтарлықтай сорттық айырмашылықтар бар, ал *japonica* сорттарында антериялық өсу қабілеті *indica* сорттарына қарағанда жоғары. Күріште антерияны өсірудің сәттілігіне әсер ететін көптеген эндогендік және экзогендік факторлар келесідей:

- генотип;
- бастапқы донор өсімдіктерді өсіру шарттары;
- микроспоралардың даму сатысы;
- алдын ала өңдеу;
- микроспоралар мен антерлерді өсіру шарттары;
- кейінгі өңдеу және осмотиктерді қолдану.

Генотип. Осы уақытқа дейін хабарланған эндогендік факторлардың ішінде генотип *in vitro* андрогендік реакцияға әсер ететін негізгі фактор болып табылады. Индиканың 35 сортының тек 1-інде N6 ортасында тозаң қабығы бар екені анықталды. *Indica* күрішіндегі андрогенездің екі кезеңінде де азот, фосфор және калийдің жоғары дозалардың қажеттілігі артты [22]. Сонымен қатар, генотиптердің, қоректік ортаның және өсіру температурасының өзара әрекеттесуі каллусты индукциялау және қалпына келтіру үшін бүлікшіл гендерді белсендіруде маңызды рөл атқарады [24]. Бұл зерттеулер күріштің неғұрлым сезімтал генотиптерін таңдау және генетикалық емес факторларды, мысалы, өсіру ортасының компоненттері мен өсіруге дейінгі және кейінгі жағдайларды басқару күріштің антериялық өсіру қабілетін арттыруы мүмкін деп болжайды.

Бастапқы донор өсімдіктерді өсіру шарттары. Донор өсімдіктердің өсуі мен даму шарттары паникуладағы антерлердің физиологиялық сипаттамаларын анықтайды. Донорлық өсімдіктерді жүктеу кезеңіндегі температураның өзгеруі *in vivo* микроспораларының қалыпты дамуына, сондай-ақ *in vitro* микроспора андрогенезіне әсер етеді. Донор өсімдіктеріндегі азоттың оңтайлы деңгейі антерлердің эмбриогендік қабілеті жоғары микроспоралардан едәуір жоғары болуына әкеледі.

Микроспоралардың даму сатысы. Күріште ерте немесе орта және кеш даму сатылары бар ядросыз тозаң микроспоралары ең сезімтал және өсіруге жарамды. Осы кезеңдегі тозаң, бұрын суықпен өңделген, қалыпты дамудан ауытқып, спорофиттік өсуге көшуі мүмкін.

Алдын ала өңдеу. Тозаң дақылының даму кезеңінде температураны алдын-ала өңдеу, осмотикалық шок сияқты стресстің алдын алу андрогенезді индукциялау үшін өте маңызды. Дегенмен, бұл алдын-ала емдеудің түрі, түрлерге немесе сортқа байланысты ұзақтығы өзгеруі мүмкін. Суықпен алдын-ала емдеу суық соққылардан туындаған стресс кезінде микроспордың гаметофиттік дамуын тоқтатады және микроспордың үздіксіз бөлінуін каллус, эмбрионның өсіру кезінде спорофиттің пайда болуына негізделген [22].

Микроспоралар мен антерлерді өсіру шарттары. Тәжірибелік нұсқаулар көрсеткендей, микроспора түйіршігі дамуы тозаңқаптың өсу қарқындылығына байланысты. Алайда күріш сорттарының түрімен тозаңдардың орналасу ретіне тәуелді емес. Осындай шарттарға қарай тозаңдарды тандап алу, болашақта қоректік ортада өсімдікті культивирлеуді жеңілдетеді. Бір ядролы микроспораны іріктеу кезінде тозаң көлеміне назар аудару қажет, гүлді бүршікті 3,6-6 мм және 3,0- 4,0 мм тозаңқап. Индукциялық каллусогенезге қажетті гүлді бүршік пен тозаң арасындағы өлшемдік байланысы бір және бірнеше реттік ұзақ уақыт аралығында культивирлеуде экспланттарды іріктеп алу үшін маңызды [5].

Осмотикалық стресс. Осмотикалық стресс немесе судың жасушалық құрамының жоғалуы көбінесе эмбрионалды жасушалар арасындағы плазмодесматикалы байланыстарды бұзады. Микроспора түйіршігі осмотикалық стресс *indica* және *japonica* сорттарындағы жасыл өсімдіктердің қалпына келу жиілігін арттыратыны көрсетілген [22].

2 Тәжірибелік материалдар мен әдістер

Тәжірибелік зерттеу жұмыстары Алматы қаласында орналасқан Сәтбаев университетіндегі Технопарк корпусының зертхана қабырғасында «Биотехнологиялық зерттеу орталық» 103 бөлімінде жүргізілді. Зертханада күріш дақылын арнайы пробиркаға отырғызып, бақылады.

Зерттеу жұмысының басты мақсаты – асептикалық жағдайларды сақтай отыра өсірілетін өсімдіктердің тозаңдарымен стерильді ортада тұқым алу және де болашақта дақылдың жетілуін зерттеу. Қолданылатын өсімдік материалын залалсыздандыруды үйрену, практика жүзінде пайдалану.



2 Сурет - Технопарк корпусының «Биотехнологиялық зерттеу орталығында » асептикалық жағдайда күріш (*Oryza sativa* L.) сорттарының жасушасын бөліп, жасанды *in vitro* қоректік ортаға отырғызу сатысы

2.1 Стерилизациялы жағдайларды қамтамасыз ету

Зерттеу жұмысында алдымен күріштің оқшауланған жасушалық тіндері мен мүшелерін дәл өсіру үшін бізге қатаң асептикалық стерильді орта жағдайларын қамтамасыз ету өте маңызды. Неге десеміз, стерилизация қатаң сақталмаған жағдайда микроағзалар өсуіне жағдай жасалып, алынатын өнімге нұқсан келеді. Ал микроорганизмдер өз кезегінде теріс әсер етіп, қоректік орта құрамы мен қасиетіне өзгеріс әкеледі. Осындай жағдай оқшауланған клеткалармен тіндерін микроағзалармен жылдам зақымдалып, зерттеу жұмыстарын тежейді. Тәжірибелік жұмыс *in vitro* жағдайында болғандықтан, әрбір ламинар бокста жүргізілетін жұмыс қатаң стерильдікті талап етеді.

Қауіпсіздік боксқа стерильдікті қамтамасыз ету жұмыстың бастамасы ретінде. Залалсыздандыру қауіпсіздік бокс үшін орналастырылған бактериялы сүзгі көмегімен жүргізіледі. Ол ауа айналымын қамтамасыз ету үшін маңызды. Зерттеуді жүргізу алдында ламинардың ішкі ортасын қауіпсіздік боксі 70% спирт көмегімен стерильденуі тиіс. Әрі қарай боксқа спиртті шам 96%-ды фарфорлы шыны ыдысқа алдын ала спиртпен тазартылған су мен колбаларды орналастырамыз. Жұмыс бастар алдында 1-2 сағ бұрын ламинарлы боксты ультракүлгінді шамдар көмегімен сәулелеп алу керек. Зерттеу жұмыстары үшін ақ халат, арнайы 70% спирт арқылы залалсыздандырылған қолғап кию маңызды.

Зерттеу материалдарын стерилдеу жолдары. Зерттеу материалдары дәнді-дақыл, тамыр фрагменті, жапырақ бөліктерін стерилдеу өте маңызды. Залалсыздандыру үшін өсімдік фрагменттерін 70% - ды спиртті ерітіндіге 5-6 минут аралығында орналастырамыз. Бұл дегеніміз, өсірілетін өсімдік бөліктерінде қатаң асептикалы шарттардың болуына негізделеді. Стерилизация көрсетілген (5-6 минуттық 70% - ды спирт ерітінді) мерзімнен артық жүргізілер болса, тәжірибе өсімдік өлімімен аяқталады.



3 Сурет - Қауіпсіздік боксінде құралдарды стерильдеу

Тәжірибелік құралдарды залалсыздандыру. Құрал-саймандарды залалсыздандыру шаралары. Ыдыстарды мұқият детергент және қос тотықты калий ерітінді көмегімен жуамыз. Таза жуылған ыдысты дистилденген сумен әрі қарай жақсылап шайып, кептіргіш шкафта толықтай кептіріледі. Залалсыздандырылған аспаптарға бөгде заттар ауадан түсіп кетпес үшін колбалар мен әйнек ыдыстардың мойынды бөлігін альминий фольга орағыш көмегімен орау қажет. Қызған автоклав көмегімен ыдыстар құрғатылады. Осылайша, мүмкін болатын микроағзалар тіршілігін жояды. Жоғарғы қысымда жақсы стерилизацияға қол жеткізуге болады. Алайда спора мен микроорганизм үшін кептіргіш шкафта қызған ауаның теріс әсері бар. Сол себепті, кептіру 2 атм қысымда 30-40 мин аралығын қамтиды.


Жұмысқа қажетті ыдыстарды скальпельді, пробирканы, пинцетті, инені, микробиологиялық ілмекті қыздыру арнайы кептіргіш шкаф арқылы жүзеге асады. Яғни стерилдеудің бұл түрі 130°C - 140°C температура негізінде құрғақ қызған жылуда 2 сағат бойында жасалады. Есте сақтау қажет, металл құралдарды автоклавта кептіруге болмайды. Әрі қарай жоғарыда келтірілген құралдарды 96% - ды этил спирт бар спиртовка арқылы стерилдеу шарт. Ламинар бокста аспаптар суытылып қолданылады. Әр пайдаланған соң спиртті жалынмен қыздыру арқылы бұл процесс қайталанады. Тәжірибе бойында стерилизация ережелерін сақтай отырып, ламинарлы бокстан қолымызды шығармай жұмыс жүргізуіміз керек.

2.2 « *Oryza sativa* L.» микроспоралы дақылында гаплоидтарды алудың сомалы жасушалық биотехнологиясы

Бастапқы тозаңдағы микрокаллус дамуына орта линиялар мен кесінділердің қалыңдығы 10мкм болатын, тозаңның барлық ұзындығы бойынша кесінді саны 200-ге дейін жетеді. Тәжірибелік түрде 44 күріш тозаңы алынды.

